

FTAMP 17.01.11

М.Б. Байбуринова¹

¹С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

«ЖАҢА ДРАМАНЫҢ» ЖАНРЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ МЕН ОЛАРҒА ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа. Бұл мақалада еліміздегі драматургияға тән жаңа тенденциялар туралы сөз болып, соның ішіндегі жаңа драма түсінігі талданады. Оның даму сатылары мен негізгі мақсаты айқын көрсетіледі. Жаңа драманың монодрама, мелодрама, мюзикл, постдрама, метафизикалық драма т.б. секілді бағыттары мен оларға тән ерекшеліктер зерттеледі. Жаңа драма элементтері кездесетін отандық шығармалар, кейіпкерлер жүйесі сипатталады.

Түйін сөздер: драма, монодрама, мелодрама, мюзикл, постдрама, метафизикалық драма.

Аннотация. В данной статье обсуждаются новые тенденции драмы в нашей стране и анализируется концепция новой драмы. Также, четко обозначены грани развития этапов драмы и ее основная цель. В статье изучаются такие направления новой драмы, как монодрама, мелодрама, мюзикл, постдрама, метафизическая драма и их особенности. Описываются отечественные произведения с новыми элементами драмы и система персонажей.

Ключевые слова: драма, монодрама, мелодрама, мюзикл, постдрама, метафизическая драма.

Abstract. This article discusses the country's new trends in drama, including the concept of a new drama. The stages of its development and the main purpose are clearly indicated. The new drama includes monodrama, melodrama, musical, postdrama, metaphysical drama, etc. such areas and their peculiarities are studied. Furthermore, the paper describes domestic works, system of characters with new elements of drama.

Keywords: drama, monodrama, melodrama, musical, postdrama, metaphysical drama.

«Жаңа драманың» мәнін түсінудің шарты оны қазіргі әдебиеттің динамикасы тұрғысынан қарастыру, түрлі жанрда жазылған шығармаларды салыстыра отырып, көзқарастарды, әдіс-тәсілдерді синтездеу, заманауи «жаңа драма» сияқты күрделі, енді ғана дамып келе

жатқан әдеби құбылысты дәл сипаттауға мүмкіндік береді. Біздің елімізде соңғы жылдары жазылған пьесалар орыс әдебиеттануында ХХ ғасырдың соңғы ширегінде пайда болған «жаңа драма» ұғымына сәйкес келе ме? Ұлттық әдебиеттануда «жаңа драманың» элементтерін қай шығармалардан байқаймыз?

Қазақ әдебиетінде енді ғана қанат жая бастаған «жаңа драманың» негізгі миссиясы әлеуметтік проблемаларды, яғни, бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік өмірдің жасырын сәттерін қозғайды. Театр ойын-сауық ретінде қызмет етпеуі керек, ол әлеуметтік мәселелерді көрсетуі керек деген қағидаға сүйенеді. «Жаңа драманың» тууына натурализмнен символизмге дейінгі әртүрлі идеялық-стильдік қозғалыстар мен әдеби мектептер әсер етті. Кейбір зерттеушілер «жаңа драмада» сомдалатын қатысушыларды анимациялық кейіпкерлерге ұқсатады. Және мұндай туындылар бүгінгі драматургиядағы дүниетанымдық дағдарыс, шығармашылық тоқыраудан туған дүниелер ретінде де бағаланып жатады. «Жаңа драманың» ұшқындары бар туындылардағы кейіпкерлерді жасына, өмірбаянына, көзқарасына қарап, аңғал да икемсіз адамдар дегенімізбен, ең бастысы, оларда белсенді өмірлік ұстаным қалыптасқан. Бұлар, әрине, бүгінгі ойлар мен әрекеттер жүйесіндегі адамдар, яғни, замандастар бейнесі деуге болады. Демек, «жаңа драмада» суреттелетін кейіпкерлер жүйесі маргиналды бейнеде көрінеді. Бұл дегеніміз пьесадағы оқиғаға қатысушы кейіпкерлер әдеби тілде көркем сөйлеуді мақсат тұтпайды, керісінше тілдің төменгі деңгейіндегі заманауи жаргондарды белсенді қолданады. Сондықтан «жаңа драманы» қақтығыстың жаңа түрі, мұнда күнделікті өмірде бұрмаланатын адам мен шындықтың қақтығысы орын алады деп санаймыз. Өйткені «жаңа драма» сыртқы әрекеттен, адамның ішкі әлеміне бұрмаланған интригалардан, оның санасы мен ар-ожданының қайшылықтарынан тұрады. Мұнда іс-әрекеттен әңгімеге, бағалауға, рефлексияға, талдауға көшу бар.

Бүгінгі жазылып жатқан «жаңа драма» мәтінінде бұрынғыдай ұзын-сонар «әңгімелесулер» артта қалды, есесіне функционалды түрде диалогпен байланысты «үнсіздік», «үзіліс» сынды ескертулерге ерекше орын беріледі. Және «жаңа драма» түсінігі жаңадан пайда болған жеке терминдік атау емес, авторлық стильдердің әртүрлілігін көрсететін тұжырымдамалар түрінде драматургиядағы эстетикалық интегралды көркемдік бағыт ретінде көрінеді. «Жаңа драмаға» тән ізденістер драматургтердің күш-жігері мен көркемдік ұмтылыстары нәтижесінде пайда болды.

Бүгінгі отандық драматургияның негізгі бағыттарының бірі монодрама стиліндегі шығармалардан көрінеді. Монодрама деп бір актер басынан аяғына дейін ойнаған драмалық шығарманы атаймыз. Зерттеушілер монодраманы екінші сөзбен психодрама деп те атайды. Қазақ драматургиясында монодрама стилінде жазылған шығармаларға Б.


Беделханның «Ұлым, саған айтам», Қ. Мұрат «Қуыршақ», А. Аламанның «Бір күндік ғұмыр», т.б. туындыларды жатқызамыз. Монодрамаға монологтық пьесалар мен әдетте, үнсіз немесе мүлдем жоқ кейіпкермен диалог түрінде жасалған пьесалар кіреді. Онда басқа кейіпкерлердің орнын бос кеңістік немесе үстел, орындық, терезе жақтаулары тәрізді жансыз заттар басады. Сондықтан да монодраманы көбінесе жеке қойылымдар деп атайды. [1, 62 б.] Басынан аяғына дейін бір өзі тұтас драманы алып шығатын сахнада актер, шығармадағы кейіпкер тікелей оқырман мен көрерменге, я болмаса қазіргі үнсіз кейіпкерге немесе сахна артындағы кейіпкерге (іс-әрекет, ойдың бәрі телефон әңгімелері негізінде құрылатын миниатюралық пьесалар) бағытталған толыққанды монологты ұсынады. Мұнда кескін-келбеті бойынша жалғыз кейіпкер-актер бірнеше рөлдерді дәйекті түрде орындайды, олардың келбетін өзгертеді. Расында монодраманың табиғаты бізге жеке адамның эмоционалды тәжірибесін ашатын лирикалық монолог түріндегі үндеуді түсіндіреді. Монодрама немесе монопьесада жалғыз актер бас кейіпкердің сана призмасы арқылы әлемді бейнелейді, яғни, кейіпкердің әрекет етуші – сана призмасы арқылы бүкіл әлемді, қоғамды көруге болады. Демек, монодрама терең психологизммен ерекшеленеді. Қазіргі кезеңдегі жанрлық драма жүйесіндегі монодраманы төмендегідей аспектіде қарастыруға болады:

- 1) монодрама – тәуелсіз ұрпақтардың қалыптасуы;
- 2) оның моделі – драмалық типтегі ерекше жанр;
- 3) монодрама – рухани, эмоционалды өмір бейнесіне негізделген.

Сонымен монодрама тарихи, философиялық және мәдени (ең алдымен театрлық) контексте өзіндік эволюциясы бар әдіс ретінде тұжырымдалады. Драматургияда бұл ішкі монолог, дубляж, роль алмасу, айна техникасы (елестету) арқылы көрінеді.

Монодрамалық шығармада монолог маңызды, мағыналы жүктеме алады. мұндағы монолог:

- нақты өзара байланысы бар белгілі бір құрылымдық тұтастық болып табылатын контекст жасайды;
- сондай-ақ, монолог сахналық іс-әрекеттің дамуын тежейді, әрекетті тек ішкі жоспарға айналдырады;
- монодрамалық монологта қандай да бір түрде жанама, жасырын немесе тікелей диалогтың әсері байқалады, яғни, айқын диалогтық бағдармен боялмаған, бірақ сөйлеу актісі тыңдаушыға арналған монолог болады. Орыс әдебиеттанушылары монодрамалық монолог бағытталатын сұхбаттасушыларды мынадай үлгіде көрсетеді:



Бүгінгі ұлттық драматургиядағы ерекше жанрдың бірі – мелодрамалар. Мелодраманың пайда болуы XVIII ғасырдағы Францияның ағартушы-демократиялық ағымымен байланысты. Ал Ресейде XIX ғасырдың 20-шы жылдары туып қалыптасты. Әлем әдебиетінде мелодраманың қалыптасуына негізінен «буржуазиялық драма», сонымен бірге готикалық романдардың сюжеті әсер етті. Сондықтан да мелодраманы синтетикалық жанр деп атауға болады, өйткені мелодраманың поэтикасы драмалық сөздердің, музыканың, би өнерінің және пантомиманың тіркесіміне негізделген. С. Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр», Т. Теменовтің «Көгілдір такси», Ә. Дәулетбаеваның «Ар мен Ақын», т.б. пьесаларды осы стильдегі туындыларға жатқызамыз. Қазіргі таңда киноиндустрия саласында да мелодрамалық жанрлар көрерменге ұсынылуда. Бірақ мелодрамалық кинотуынды мен сахналық қойылымды бір деңгейде қарастыруға болмайды. Жалпы сыршыл лиризм мен нәзік романтика мелодрамаға тән болғанымен, пьесада (сахналық нұсқасы да) музыкалық сүйемелдеу басым келеді. Мелодрамаға романтикалық, ғашықтық сарындағы шығармалардың мотивтері пайдаланылады [2, 51 б.].

Негізінен мелодрама алғаш трагедия жанрында пайда болғанымен комедиялық элементтерді қамтитын драмалық жанр саналады. Сонымен қатар мелодраманың жанрлық түр ретіндегі сипаттамалық белгілеріне жеке өмір шеңберінде мәңгілік мәселелерді қарау, өткір, шатастыратын интриганың болуы, моральдық-дидактикалық элементтің болуы, эмоционалдылық, байлық, жақсылық пен жамандықтың қарама-қайшылығы, мелодрамалардың тілінде жоғары тілдік стильді қолдану, көркем экспрессивтіліктің кең таралуы (метафоралар, гипербола, лито, салыстырулар) сынды бірқатар ерекшеліктерді жатқызамыз. Тағы атап өтетін мәселе, мелодрамалардың сюжеті ерекше жағдайға, қарапайым адамдардың «қарапайым өміріне» негізделеді. Сонымен бірге мелодрамаларда әлеуметтік проблемаларға құрылған, еркіндікті сүйетін, гуманистік-моральдық ой-танымдарды насихаттау мотивтері өте маңызды болады. Және ойын-сауықтар, романтикалық тақырыптар, сезімталдық, махаббат, сүйіспеншілік сияқты өмірлік құндылықтарға да басымдық беріледі. Демек, мелодрамалық туындыларды мейлінше эмоциялармен қаныққан, адамгершілікпен ерекшеленетін, жанды ойын-сауық пен көңіл көтеруге арналған әдеби-драмалық шығарма деуге болады.

Бүгінде көбісі «өмір драмасы» және «жүрекке әсер ететін мелодрама» сияқты тіркестерді жиі қолданады. Осыдан келіп драма мен

мелодрама ұғымдарының түбегейлі айырмашылығы неде деген заңды сауал туады. Осы орайда драма мен мелодраманың айырмашылығын айқындар болсақ, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- Драма әдеби жанр ретінде мелодрамадан әлдеқайда ертерек пайда болды;
- Драмада белгілі бір кейіпкердің шынайы өмірі бейнеленеді, ал мелодрамада тәжірибе жинақталуы мүмкін;
- Драмалық сюжет жанжал немесе оқиғаға негізделген. Мелодрама махаббат хикаясының айналасында өрбиді;
- Драманың көлемі аз, мелодрама әлдеқайда ұзақ болады;
- Драмалық шығармада кейіпкерлердің сезімдері диалогтарда, мелодрамада музыкада көрінеді;
- Драмалық шығарма кейіпкердің қайтыс болуымен немесе қандай да бір трагедиямен аяқталса, мелодрама көп жағдайда жағымды эмоциямен бітеді.

Мелодрама жеңіл және бұқаралық жанрларға жатады, мұнда негізгі аудитория – әйелдер. Мелодраманың қызықты сюжеті өз оқырмандарын үрей мен күдік аралас сезімде ұстайды. Мелодраманың мәні кейіпкерлердің рухани әлемінің дамуын, олардың тәжірибелері мен эмоцияларының тұтас призмасын көрсету болып табылады. Сюжет жеккөрушілік пен махаббаттың, адалдық пен сатқындықтың күресіне негізделуі мүмкін.

Бүгінгі драмалық дискурста айрықша мәнге ие жанрлардың бірі – мюзикл. Мюзикл ТМД елдері бойынша театр өнеріндегі жас жанр саналады. Дегенмен мюзикл жанры ХХ ғасырдың елуінші жылдарында Америка Құрама Штаттары мен Францияда танымал бола бастады. [3, 83 б.] Бірақ бастапқыда мюзикл көпшілік оқырман мен көрерменге ұнаған жоқ. Сыншылардың көпшілігі мюзикл мен операның үлкен ұқсастығы бар екенін алға тартты. Алайда мюзиклді басқа театр жанрларынан ерекшелетін өзіндік ерекшеліктері бар. Мюзиклде биден бастап, хордың сүйемелдеуімен қойылым аяқталғанға дейін бәрі үйлесімді көрінеді. Айта кету керек, джаз көбінесе осы жанрда ойнайды. Мұндай қойылымдар, әдетте, әлем әдебиетінің танымал туындылары негізінде қойылады. Мұндай мысалдарға «Ромео мен Джульетта», «Нотр-Дам соборы», «Золушка» және тағы басқа танымал музыкалық туындылар кіреді. Мюзиклдің сюжеттік желісі, негізінен махаббат туралы әңгімеден тұрады, сонымен қатар кейбір әлеуметтік маңызды мәселелерді де көтереді. Сондай-ақ, мюзиклден драманы, иронияны, шынайы өмір мен байыптылықты көруге болады.

Сонымен, мюзикл музыкалық, драмалық, хореографиялық және опералық өнерді біріктіретін музыкалық және театрлық сахна жанры. Қазақ драматургиясында И. Сапарбаевтың «Сыған серенадасы», М. Мақатаевтың шығармаларына негізделген «Жырлайды жүрек», Ш.

Қалдаяқов, Е. Хасанғалиев, «Дос-Мұқасан» тобы мен халық әндері негізінде жазылған Ә. Бағдаттың «Достар серті» туындылары мюзикл жанрының талаптарына лайық.

Мюзиклдің тағы бір ерекшелігі – көркем образдардың экспрессивтілігі. Жарқын костюмдер мен күрделі хореографиялық трюктар көрерменді еріксіз қайран қалдырады. Әрине, мұндай спектакльде бірінші кезекте кейіпкерлердің вокалдық және бишілік қабілеттері маңызды.

Тәуелсіздік әкелген жаңалықтардың бірі – қазіргі ұлттық әдебиеттегі постмодернистік бағыттың кең етек алуы, сәйкесінше ол постдраманы тудырды. Постдрама тұтастай алғанда постмодернизмнің өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Постдрамаға деконструкция, импровизация, интертекстуальдық, фрагментация және басқа да құбылыстар тән. Постдрамадан нақты сюжеттің (мәтін тек негізгі материал) кескінін, тіпті дәйекті түрде ұсынылған сюжетті таба алмаймыз. Мұнда тек фрагменттік және «коллаж» композициясына тиесілі эпизодтар тізбегі орын алады. Постдрамада тыйым салынған тақырыптар жоққа тән. Керісінше, барлық нәрсе сахнаға шығарылады. Постдрама тілі күнделікті ауызекі мәліметтерді жеткізеді. Мәтінде көбінесе дерексіз сөздер қолданыла береді және бұл көрерменді таңғалдырмайды. Постдрамада адам кез-келген алдауды, жалғандықты, өмірлік ұстанымдарды бұзуға дайын, махаббат пен достықты қабылдамау және өз талантына опасыздық жасау сияқты күрделі өмір суреттерін көрсетеді. Сондай-ақ ең басты ерекшеліктердің бірі постдрама мәтінінен оқырман (көрермен) «оғаштықты» сезінуі мүмкін. Бұл қандай оғаштық? Әлбетте, постдрамада жоғары классикалық әдеби сөйлеу тілі мүлдем ескерілмейді. Тіпті аталмыш заманауи драмалық қозғалыс пьеса құрылысының барлық классикалық принциптерін жоққа шығарады, ол мүлде жаңа өнердің пайда болуын бейнелейді. Жоғарыда сөз болған «жаңа драманың» негізгі белгілері осы постдрамадан көрінеді. Яғни, «жаңа драма» постмодерн дәуіріндегі қоғамда болып жатқан процестерді, дәл осы дәуірдің жемісі ретінде көрсетеді.

Қазақ драматургиясында таза постдрама әлі тумағанымен алғашқы талпыныстар жоқ емес. Постдрамаға тән стильдік ізденістерді М. Омарова, Ә. Байбол, А. Аламан, О. Жанайдар, т.б. бірқатар жас драматургтердің шығармаларынан байқаймыз.

Сонымен аталған жанрлық түрленуден өзге бүгінгі ұлттық драматургияда трагедия-фарс, драма-диалог, психофизикалық драма, криминалдық драма, метафизикалық трагедия, символикалық драма, деректі драма, лирикалық драма, реквием сынды біршама жанрлық модельдер пайда болды. Драма-диалогта авторда, режиссер де драмалық және сахналық жұмысты бірлестікте ұйымдастырады. Прозадағы диалог көмекші ұйымдастырушылық формалардың, көркемдік тәсілдің бірі ғана

болса, драмада көмекші категориясынан диалог негізгі формалар санатына енеді. Пьеса (спектакль) құрылысында диалог бірден бірнеше функцияны орындайды. Диалог барысында автордың ескертуімен қатар драмалық шығарманың оқиғалары, тарихы, сюжеті мен сюжеттік қозғалыстары туралы ақпарат ашылады. Драмалық шығарманың кейіпкерлері тек ақпарат алмасып қана қоймайды, бір-біріне белсенді әсер етеді, қарсыластың көзқарасын өзгертуге тырысады, оны бір немесе басқа әрекетті орындауға мәжбүр етеді. Бүгінде М. Әуезов театрында сахналанып жүрген Ә. Рахимовтың «Шәкәрім», А. Сүлейменовтің (Ә. Бөпежанова прозалық циклі бойынша әзірлеген) «Біржанның соңғы әні» спектакльдері осы драма-диалог жанрында жазылған.

Бүгінгі драматургияда тыңнан түрен салған айрықша жанрдың бірі – метафизикалық драма. Әдебиеттану тұрғысынан қарайтын болсақ, метафизика Құдай туралы, өмір мен өлім, махаббат пен ғадауат туралы негізгі дүниетанымдық көзқарастарды классикалық, модернистік, заманауи этнологиялық, экзистенциалды, діни, философиялық, мистикалық мәселелер шеңберін шешуді білдіреді [4, 46 б.]. Ал, метафизикалық трагедия біртіндеп үміт, сенім мен махаббатты жоғалтқан рухсыз қоғамның қорқынышты мәнін бейнелейді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ж. Ерғалиевтің «Қас-қағым» пьесасы бүгінгідей нарықтық заманда махаббатсыз, имансыз қоғамның өзінде титтей де болса адамгершілік, сүйіспеншілік сезімнің жоғалмағанын көрсетуге ұмтылған метафизикалық трагедия жанрында жазылған экспериментальды туынды деуге болады.

Әрине, қазіргі драматургиядағы мұндай жаңаша тенденциялар көңіл қуантары анық. Дейтұрғанмен бұл жаңашылдық болашақта заманауи драматургияның сәтті жалғасуын қамтамасыз ете ала ма, әлде оның сөзсіз сейілуіне, оқырман мен көрермен қызығушылығының жоғалуына әкеп соқтыра ма, ол жағы алдағы уақыттың еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Нұрғали Р. Драма өнері. – Алматы: Жазушы, 2001. – 480 б.
- 2 Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясы. – 284 б.
- 3 Тымболова А. Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы. – Алматы: Елтаным баспасы, 2013. – 328 б.
- 4 XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі: Ұжымдық монография. – Алматы: Арда, 2011. – 608 б.